

43

ISSN 1563-0226
Индекс 75867; 25867

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

ШЫҒЫСТАНУ
СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ
ВОСТОКОВЕДЕНИЯ

АЛМАТЫ

№2 (43)

2008



колданылатын компоненттер белгілі болды. Осы компоненттердің концептуалдық белгілерін салыстыру орыс және қытай адамының түсінігіндегі айырмашылықты нақты анықтауға мүмкіндік береді.

Фразеологизм құрылымындағы берілген концептердің мазмұнындағы айырмашылық қытай және орыс тілдеріндегі фразеологизмдердің этномәдени ерекшеліктерін құрайды.

Сонымен, қытай тіліндегі фразеологизмдердің этномәдени ерекшелігі екі негізгі: құрылымдық және семантикалық жағдайларына байланысты. Олардың біріншісі айқын көрінетін фразеологизмдердің симметриясына қатысты, бұл қытайлықтардың түсінігіндегі симметрия мен жұптылықтың орнының ерекше екенін дәлелдей түседі; екіншісі—фразеологизмдердің басты сөздерінде көрініс тапқан концептуалдық белгілерге байланысты. Оның үстіне, фразеологизмдер этномәдени ақпаратты тура: қытайлықтардың дәстүрлерін, наным-сенімдерін немесе салт-дәстүрін баяндау арқылы ғана емес, сондай-ақ компоненттердің символикасы арқылы да береді. Мұндай символдарды шеше білу мен концепттердің қосымша мазмұнын қабылдау аудару жұмыстарында немесе қытай тілін оқыту барысында көп көмек көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге қытай мәдениетін шетелдік қабылдаушыға

жақын әрі түсінікті етеді. Әрине, мұндай фактор бірте-бірте әлемнің тілдік келбетін жақындатады, демек концептердің мазмұнын әмбебап жасайды.

1. Бао Хун, Баженов Г.А. Фразеология и национальный менталитет аспекты национально-культурной специфики в китайском и русском языках. Москва изд. «Муравей» 1999
2. Культурология XX век. Антология. Философия и социология культуры М. РАН Серия: Лики культуры. 1994. -251 с.
3. Ма Гофань. Фразеология. изд. «Neimenggu renming», 1998.-444с.
4. Хань Синчжи. Толковый тематический фразеологический словарь китайского языка. – Пекин, изд. «Новый мир», 1989.-1467с.
5. Баранова З.И. Моделируемые фразеологизмы в китайском языке. Москва. изд. «Наука» 1973

Статья посвящена этнокультурным особенностям фразеологизмов современного китайского языка, рассмотрение которых представляет одну из первоочередных задач языкознания.

The article contains ethnocultural features of phraseological units of modern Chinese language. Ethnocultural features of phraseological units is one of the most important tasks of linguistic.

Шатекова Г.Қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН КОРЕЙ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТИҢ ШАҚ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ МЕН АУДАРУ ТӘСІЛДЕРІ

Қазақ тілі мен корей тілінде шақ категориялары етістікті басқа сөйлем мүшелерінен ерекшелендіріп тұратын ең негізгі категория ретінде қарастырылады. Шақ – іс – қимыл, жай – күйдің орындалу мезгілі мен сөйлеп тұрған уақыт арасындағы қарым – қатынасты білдіретін грамматикалық категория.

Етістік шақтары өткен шақ (**куаго сидже**), осы шақ (**хёндже сидже**) және келер шақ (**мирэ сидже**) болып үшке бөлінеді. Өткен шақ іс – әрекеттің

сөйлеуші баяндап тұрған уақыттан бұрын болғандығын көрсетеді. Мысалы, **барды** (*катта*), **көрдi** (*нуатта*), **оқыды** (*коңбухэтта*). Осы шақ дәл сөйлеу үстінде болып жатқан іс – әрекет, жай – күйді білдіреді. Мысалы, **бара жатыр** (*канда*), **көріп отыр** (*понда*), **оқып жүр** (*коңбуханда*). Келер шақ іс–әрекет, қимылдың сөйлеп тұрған уақыттан кейін болатындығын білдіреді. Мысалы, **барады** (*каль кода*), **көреді** (*поль кода*), **оқиды** (*коңбухаль кода*).

Бірқатар ғалымдардың ойынша, етістік – сөйлемнің "темпоральді" мүшесі, ал уақыттың мәні грамматикалық санау нүктесі болып есептелетін әрі абсолютті уақытты білдіретін сөйлеу мерзімі түсінігімен сәйкес келеді.

Сөйлеп тұрған уақытқа қатысты мағынаны анықтайтын етістік формалары абсолютті уақытты білдіреді. Оған қарама – қарсы – ауыспалы (релятивті) шақ – сөйлеп тұрған тұста орындалатын басқа іс – әрекетті білдіреді. Мысалы, *Біз аудиторияға кіргенде, қоңырау соқты.* – (*уринын кәсире тыроуаттони белсорига натта*). Өткен шақтың бұл түрі ауыспалы шақты білдіріп тұр: «кіргенде» – «тыроуаттони» басты сөйлемнің баяндауышы «соқты» – «натта» іс – әрекетінен бұрын орындалған іс-әрекетті білдіреді. *Мен келемін* (келер шақ), *сен тос* (бұйрық рай). (*чэга олтэника* (келер шақ) *нига кидарё* (бұйрық рай)). (*олтеника кидарё*) – ауыспалы шақ.

Екі тілде де етістік үш жаққа өзгереді: осы шақ, өткен шақ және келер шақ. Дегенмен екі тіл арасында ұқсастықтармен қоса айырмашылықтар да байқалады.

1. Өткен шақ (куаго сидже). Қазақ тілі мен корей тіліндегі өткен шақ етістіктері мағына және формаларға өте бай. Олар орындалу керек болған, жақында орындалған және бұрын орындалған іс-әрекетті білдіреді. Өткен шақ етістіктері қазақ тілінде де, корей тілінде де мағына жағынан, түрлілігі мен қолдану аясы жағынан ерекше болып келеді.

Қазақ тілінде өткен шақ етістік түбіріне мына төмендегі жұрнақтар қосылу арқылы жасалады:

- 1) *-ты/-ті, -ды/-ді* жұрнақтары мен жіктік жалғаулары;
- 2) есімшенің *-қан/-кен, -ған/-ген, -тын/-тін* жұрнақтары;
- 3) көсемшенің *-ын/-ін, -н* жұрнақтары;

Осы формалар істің болып өткенін білдіргенмен, іс – әрекет сөйлеп тұрған уақыттан әлдеқайда бұрын орындалуы мүмкін. Сонымен қатар сол болған іс – әрекеттің нақтылы болғандығын баяндау бар да, сөйлеушінің оған анық көзі жетпей,

біреулер арқылы немесе сырт есту арқылы білгендігі баяндалатын да жағдай болады.

Қазақ тілінде де, корей тілінде де өткен шақ істің болып өткен мерзімі мен сөйлеушінің баяндау уақыты арасының алыс – жақындығына қарай а) **жедел өткен шақ**; ә) **бұрынғы өткен шақ**; б) **ауыспалы өткен шақ** болып үшке бөлінеді.

1. Жедел өткен шақ. Өткен шақтың бұл түрі іс – әрекет, қимылдың дәл сөйлеп тұрған уақыт алдында ғана болып өткенін білдіреді. Мұнда іс – әрекеттің нақтылы болғандығы баяндалады.

Жедел өткен шақ етістік түбірінің болымды және болымсыз түрлеріне *-ты/-ті, -ды/-ді* жұрнақтарының қосылуы арқылы жасалады, олар одан әрі бірінші жақта *-м, -қ/-к*, екінші жақта *-ң, -ңыз/-ңіз, -ңдар/-ңдер, -ңыздар/ -ңіздер* болып жіктеліп қолданылады. Мысалы, *айт – ты - м, бар – ды - қ, кел - дің - дер, біл - ді, көр - медің - із* т.б.

Корей тілінде іс – әрекет, қимылдың сөйлеп тұрған уақыттан бұрын істелгенін, орындалғанын көрсету үшін *(-am/-om-, -to-)* жұрнақтарымен қоса *(-н, -тон)* жалғаулары қолданылады. Мысалы, (*нанын сосоль ту куониль ыльготта.*) – *Мен екі том роман оқыдым.* (*нанын мопши коданхәйтта.*) – *Мен қатты шаршадым.*

(-am/-om-, -to-, -н, -тон) формасы етістіктің жасалу тәсілі және істің болғаны немесе болмағандығының тұжырымды түрде көрсетілуі жағынан қазақ тіліндегі жедел өткен шаққа сәйкес келеді. Бірақ ол жедел өткен шақ сияқты істің сөйлеу мезгілінен сәл бұрын өткенін емес, тек істің сөйлеп тұрған уақыттан бұрын орындалғанын көрсетеді.

(-to-) жалғауы сөйлеуші өткен шақта өз басынан кешірген тәжірибені білдіреді. Мысалы, (*оксананэ чаңмига хуалчак пхиоттора.*) – *Оксананың үйіндегі раушан гүлдері гүлде – ген - тін.* Қазақ тіліндегі аудармасы бұрынғы өткен шаққа жатқанымен, корей тілінде бұл сөйлем бұрынғы өткен шаққа жатпайды.

(-н, -тон) жалғаулары жалғанған сөйлемдерді де қазақ тіліне аударғанда, аударылған сөйлем бұрынғы өткен шақ болып шығады. Мысалы, (*микига ыльғын*

чэгын игосида.) – Мики оқы - ган кітап – осы кітап. (қоңбухадон оксанага оди кани?) – Оқып отыр - ган Оксана қайда кетті?

2. Бұрынғы өткен шақ. Бұл шақ іс – әрекеттің, қимылдың сөйлеп тұрған уақыттан әлдеқайда бұрын, ертеде болып өткенін білдіреді.

Бұрынғы өткен шақ бірнеше жолмен жасалады:

а) болымды және болымсыз етістік түбірлеріне –қан/–кен, –ған/–ген тұлғалы өткен шақ есімшелер *бар – ган - мын, көр – ген - сің (дер), кел – ген - сіз (дер), білмеген* болып, жіктік жалғауының қосылуы арқылы жасалады.

ә) болымды және болымсыз етістіктер –ып/–іп, –п тұлғалы көсемшелердің одан әрі жіктеліп қолданылуы арқылы жасалады. Мысалы, келіпсіз, кетіпті.

б) –қан/–кен және –ып/–іп, –п тұлғалары мен –ушы аффиксті етістіктер – е етістігінің жіктелуімен күрделене айтылып бұрынғы өткен шақ жасалады. Мысалы, *бар–ған ем, көр–іп ең, айт–ушы еді* т.б.

Бұрынғы өткен шақтың бұлардан басқа да синтаксистік тәсілмен берілетін түрлері бар. Олар: өткен шақ есімшелерге *екен* етістігі мен *шығар, сияқты, секілді, тәрізді, білем, көрінеді (...ған екен, ...ған шығар, ...ған сияқты* т.б.) сөздерінің, етістіктің шартты рай формасына *керек (...са керек)* және жедел өткен шаққа *білем (...ді білем)* модаль сөздерінің тіркесіп айтылуы арқылы жасалады.

Корей тілінде іс – әрекет, қимылдың сөйлеп тұрған уақыттан әлдеқайда бұрын істелгенін, орындалғанын көрсету үшін – (-оссот/-ассот-) жұрнақтары қолданылады. Мысалы, *(чаңнён имам тэёнён нуни нэрёссотчи.) – Өткен жылы осы уақытта қар жауған еді ғой.*

Хайоссотта формасы сөйлемнің ортасында да, басында да келе береді. Олар өздігінен текст құра алатын сөйлемдерде де қолдана береді. Мысалы, *Оде-со-нга маннассотчие* (Біз бір жерде кездескенбіз). Егер олар сөйлемнің басында келсе ешқандай іс-қимылды білдірмейді.

Қазақ тілінде бұрынғы өткен шақ корей тілінің бұрынғы өткен шағымен салыстырғанда жедел өткен шақпен қатар жиі қолдана береді. Сондай-ақ, көбінесе қазақ тілінде сөйлем бұрынғы өткен шақ мағынасына тұрғанмен, корей тіліне жай өткен шақ ретінде аударылады. Мысалы, біз күнделікті қолданатын –ып/–іп, –п жұрнақтары. *«Профессор Кореядан келінті»* (кёсуними хангукесо уассымнида). Немесе керісінше корей тілінде бұрынғы өткен шақта тұрған сөйлемді қазақ тіліне жай өткен шақ ретінде аударуға болады. Мысалы, *«нанын кынёрыль джиншимыро сараңхэссосо»* (Мен оны шын жүрегіммен жақсы көрдім), –ді – жедел өткен шақтың жұрнағы.

3. Ауыспалы өткен шақ. Өткен шақтың бұл түрі есімшенің –тын/–тін аффикстері арқылы жасалады. Бұл тұлғалар өткен шақта сөйлеушінің істің орындалғанын нақтылы баяндауын білдіреді. Мысалы, *оқитынбыз, ұнамайтын, баратын.* Бұл формалар келер шақ мағынасында да қолданады. Ауыспалы өткен шақ болып аталу себебі де осыған тығыз байланысты.

Корей тілінде ауыспалы өткен шақта бұрын болып өткен істің қазіргі уақытпен байланыстылығы көрсетіледі. Көбінесе ауыспалы өткен шақты сөйлемнің контексінен аңғаруға болады. Мысалы,

а) *(нанын хэпёнгарыль корыни маыми мучок саңкуэхада) – Мен теңіздің жағасында серуендеп келгендіктен, көңілім өте сергек.*

ә) *(нанын хэпёнгарыль корыни маыми мучок саңкуэхэтта) – Мен теңіздің жағасында серуендеп келгендіктен, көңілім өте сергіп қалды.*

Екі сөйлемдегі «корыни» – «серуендеп келгендіктен» деген сөздің формалары бір болғанмен, абсолютті шақ тұрғысынан алып қарағанда а)дағы «корыни» – осы шақ және ә)дағы «корыни» – өткен шақта. Алайда, ауыспалы шақ тұрғысынан алып қарағанда екеуі де осы шаққа жатады.

2. Осы шақ (хёндже сидже). Қазақ тілінде де, корей тілінде де осы шақ дәл сөйлеу үстінде болып жатқан іс – әрекет,

жай – күйді білдіреді. Осы шақтағы етістіктер кейде істің, қимылдың сөйлеуші хабарлап тұрған кезеңнен бұрын басталып, үзіліссіз болып тұратынын да білдіре алады. *Бара жатыр(кого итта)* деген мен оқып жүр (неунда) дегендерді салыстырыңыз.

Қазақ тілінде осы шақ жіктік жалғауы жалғануы арқылы ғана емес, сонымен қатар, семантикалық, яғни төрт *отыр, тұр, жүр, жатыр* қалып етістіктерінің тіркесуі және аналитикалық тәсіл арқылы жасалады.

Аналитикалық формалары екі немесе үш етістік формаларынан пайда болады. Мысалы, «көсемше + көмекші қалып етістігі», «көсемше + көсемше + көмекші қалып етістігі» және т.с.с. Осы шақ жасалу үшін көмекші етістік ретінде қалып етістіктері қолданады: *отыр – (аннында), тұр – (сонда), жатыр – (нумында), жүр – (канда, коннында)*. Мысалы, *оқып отырмын – (нанын икко итта), оқып отырсың – (нига икко итта), оқып отыр – (кынын икко итта)*. Осылайша, қазақ тілінде жақтық жалғаулар көмекші етістікке тіркесіп, ал негізгі етістік көсемшеге айналады немесе өзгермейді.

Алайда корей тілінде қазақ тілі сияқты етістіктің түбіріне жіктік жалғаулары жалғанбайды әрі етістік жекеше немесе көпше болып бөлінбейді. Сонымен қатар, қазақ тілінде 2 – жақтағы сыпайы түрдің көпше және жекеше түрі бар, ал корей тілінде сыпайы түр категориясы болғанмен жақты білдірмейді және жекеше, көпше болып бөлінбейді. Мысалы, *(сіз) отыр - сыз – ((таңсини) анко кэсинда), (сіздер) отыр – сыз - дар – ((таңсиндыри) анко кэсинда)*.

Қазақ тілінде осы шақ мағыналық ерекшеліктеріне қарай нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ болып екіге бөлінеді.

1. **Нақ осы шақта** іс – әрекет, жай – күй дәл сөйлеу үстінде болып жатқандығы баяндалады. Қазақ тілінде нақ осы шақ бірнеше жолмен жасалады:

а) *отыр, жүр, жатыр, тұр* деген төрт етістік жіктеліп, дара күйінде жұмсалады. Мен *отыр - мын, сен тұр - сың; сіздер жүр - сіздер, бала жатыр* т.б.

ә) Осы төрт етістік –ып, –іп, –п және –а, –е, –й тұлғалы көсемшелермен тіркесіп айтылады. Мұндайда *отыр, жатыр, тұр, жүр* етістіктері екінші орында тұрып, *айт - ып отырмыз, кел - е жатыр - сыңдар, оқы - п жүр, біл – ме - й тұр - сыз* болып жіктеліп қолданылады.

б) Жатыс септіктегі –у тұлғалы қимыл есімдері *жүргіз – у – де - мін, ізден – у – де – сіздер* болып баяндауыш қызметінде айтылуда да нақ осы шақ мағынасында жұмсалады.

Бұдан басқа –улы, –улі тұлғалы етістіктер жеке де, *жатыр, тұр, отыр, жүр* етістіктерімен тіркесіп те 3 – жақтық нақ осы шақ мәнін білдіре алады.

Нақ осы шақтың екі формасы бар:

1.1. **Дара нақ осы шақ** төрт қалып етістіктерін (*отыр, тұр, жатыр, жүр*) негізгі етістік ретінде қолдану арқылы жасалады.

Жекеше Көпше

1жақ Мен тұр-мын-нанын сонда Біз тұр-мыз-уринын сонда

2жақ Сен тұр-сың-нонын сонда Сендер тұр-сың-дар-нохидырын сонда

Сыпайы

Сіз тұр-сыз-таңсинын сонда Сіздер тұр-сыз-дар-таңсиндырын сонда

3жақ Ол тұр – кынын сонда Олар тұр – кыдырын сонда

1.2. **Күрделі нақ осы шақ** негізгі етістіктің көсемше формасымен көмекші *отыр, тұр, жатыр, жүр* етістіктерінің жалғануы арқылы жасалады және төмендегідей жіктеледі.

Жекеше Көпше

1жақ Жазып отыр-мын – нанын Жазып отыр-мыз – уринын

Ссыго итта ссыго итта

2жақ Жазып отыр-сың – нонин Жазып отыр-сың-дар – нохидырын

ссыго итта ссыго итта

Сыпайы

Жазып отыр-сыз-таңсинын Жазып отыр-сыз-дар-таңсиндырын сыго кэсинда ссыго

3жақ Жазып отыр-кынын ссыго Жазып отыр-кыдырын ссыго итта итта

Қазақ тілінде *отыр, тұр, жатыр, жүр* көмекші етістіктері негізгі етістікке

жалғанып іс-әрекет, қимылдың сөйлеу үстінде болып жатқанын білдіреді.

«Отыр» көмекші етістігі барлық етістіктерге сәйкес келе бермейді, мысалы, адамның іс – әрекетіне қатысы жоқ: *маңырау, күркіреу* және т.б.

«Тұр» көмекші етістігі қимылды уақыты шексіз, дағдылы түрде болып тұратын белгісіз ұзақ қылып көрсетеді. Мысалы, *Жанбыр жауып тұр.* – (пига онда). *Күн шығып тұр* – (тхэяңи пичхинда).

«Жатыр», «жүр» көмекші етістіктері қимылдың ұзақтығын білдіреді. Мысалы. *Мен оқып жүрмін.* – (нанын пэунда). *Отыр, жатыр, тұр, жүр* көмекші етістіктері нақ осы шақтың аналитикалық форма құрамында өздерінің лексикалық мәнін жоғалтады.

Корей тілінде осы шақ етістіктің түбіріне –н/-нын жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы, «*раурага мурьль машинда*» (Лаура су ішіп тұр), «*арыманыга сальгурьль мокнында*» (Арман абрикос жеп тұр).

Істің, қимылдың қазір, сөйлеу мезгілінде болып жатқандығын білдіру үшін қазақ тілінде де корей тілінде де нақ осы шақ қолданылады. Сонымен қатар корей тілінде нақ осы шақ істің, құбылыстың дағдылы түрде болып тұратындығын көрсету үшін қолданылады. Мысалы, «*чигунын тхэяңьль тонда*» (Жер күнді айналады), «*мурын нопхын косэсо наджын косыро хырында*» (Су биік жерден төмен қарай ағады).

Қазақ тіліне аударғандағы мағынасы да дағдылы құбылысты білдіргенмен, ауыспалы осы шаққа жатады. Демек, қазақ тілінде дағдылы істі, құбылысты білдіру үшін ауыспалы осы шақ қолданылады.

Корей тілінде де іс-қимылдың қазір, сөйлеу мезгілінде болып жатқанын көрсету үшін «Көсемшенің –а/-о жұрнағы+итта» конструкциясы қолданылады. Мысалы, «*хаксэңын синмун-ыль пого итта*» (Студент газет оқып отыр).

2. Ауыспалы осы шақ. Ауыспалы осы шақ үнемі болып тұратын, сонымен қатар сөйлеп тұрған уақытпен сәйкес

келмейтін іс – әрекетті білдіреді. Қазақ тілінде бұл шақ –а, –е, –й тұлғалы көсемшелердің жіктеліп айтылуы арқылы жасалады. Бұл тұлға ауыспалы осы шақ мағынасында дара да, –ып, –іп, –п тұлғалы көсемшелермен тіркесіп те жұмсала береді. Мысалы, *бар – а – мын, кел –е–сің, білме–й – сіз, айт – ып береді, қайт – ып кел – е – міз* т.б.

Бұл тәрізді етістіктер келер шақ мағынасында да жұмсала береді. Формалық өзгешелігі жоқ бұл тұлғалардың ауыспалы осы шақ немесе ауыспалы келер шақ екендігі контексте белгілі болады.

Корей тілінде де қазақ тіліндегідей ауыспалы осы шақ бар. Ол сөйлеушінің хабарлаған кезінен кейін болатын қимыл-әрекетті білдіреді. Мысалы, «*чигым кот хаңбокхара-го мархачжи анымйон но-нын таңчжане чуңнында*» (Егер сен дереу оларға қаруларын тастауын бұйырмасаң, қазір өлесің).

3. Келер шақ (мирэ сидже). Келер шақ іс – әрекет, қимылдың сөйлеп тұрған уақыттан кейін болатындығын білдіреді. Түрлі тәсілдермен жасалатын келер шақтың мағыналары бірдей болмайды. Олардың бірінде мақсаттық мағына басым болса, енді бірінде іс – әрекеттің болу – болмауы айқын не күмәнді болып келеді. Қазақ тілінде осындай мағыналық ерекшеліктеріне қарай олар: *болжалды келер шақ, сенімді келер шақ, мақсатты келер шақ, ауыспалы келер шақ* болып төртке бөлінеді.

Болжалды келер шақ. Болжалды келер шақта іс-әрекеттің орындалуы, орындалмауы болжай, жорамалдай айтылады. Бұл болымды және болымсыз тұлғалы –ар/-ер, –р, –с аффиксті есімшелерінің жіктеліп айтылуы арқылы жасалады.

Болжалды келер шақ мына тәрізді синтаксистік тіркестер арқылы да жасалады.

а) Ауыспалы шақ есімшелер мен шығар, секілді, тәрізді сөздер тіркесі арқылы жасалады. Мысалы, *Жаза берсем сөз таусылмайтын сияқты.*

ә) –у тұлғалы қимыл есімдер (тәуелденіп, кейде барыс септікте тұрып) мүмкін сөзімен тіркеседі. Мысалы, *Басқа*

бір сылтау айтсам, маған сенбей қалуы мүмкін.

Сенімді келер шақ. Бұл іс-әрекет, қимылдың істелетіндігін және оның ақиқаттығын білдіреді. Сенімді келер шақ –қалы/–келі, –ғалы/–гелі тұлғалы көсемшелермен *жатыр, отыр, тұр, жүр* етістіктерінің жіктеліп тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы, *Асан биыл оқуға түскелі жүр*.

Мақсатты келер шақ. Бұл шақ істелуге тиісті мақсатқа, тілекке байланысты іс-әрекетті, қимылды білдіреді. Мақсатты келер шақ –мақ/–мек, –бақ/–бек, –пақ/–пек етістіктердің жіктеліп айтылуы арқылы жасалады. Мысалы, *бар – мақ – тын, кел – мек – сің, айт – пақ – сыз* т.б.

Бұл форма –шы/–ші аффиксі үстеліп *айт – пақ – шы – мыз* болып та қолданылады.

Ауыспалы келер шақ. Бұл шақта болатын іс – әрекет нақтылы ешбір шүбәсіз баяндалады. Ауыспалы осы шақпен тұлғалары (–а, –е, –й аффикстері) бірдей болғандықтан да, ауыспалы келер шақ делінеді.

Корей тілінде келер шақ етістіктің түбіріне –гетт жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы, «*нэирын пига огетта*» (Ертең жаңбыр жауады), «*чэга монджо кагессымнида*» (Мен алдымен барамын).

Корей тілінде келер шақ болжалды, ауыспалы деп бөлінбегенмен осыларға ұқсас қолданатын формалар бар. Мысалы, «-ыль госида» - келер шақ немесе болжалды келер шаққа нұсқайды. «*игосын нэга моголь госида*» (Мен мұны жеймін), «*нэшьдо тхэяңын ттоорыль госида*» (Ертең де күн шығатын шығар).

Бірақ мақсатты келер шақты қазақ тілінен корей тіліне аударғанды «-рёго хада» көмекші етістігі қолданады. «Мен келесі жылы Кореяға бармақшымын» (чонын нэне хангуге карёго хамнида).

Қорыта айтқанда, қазақ және корей тілдерінде етістіктің шақ категорияларының өзіндік ұқсастықтары мен өзгешеліктері бар. Ұқсастықтар корей тілінің грамматикалық ерекшеліктерін меңгеруге жәрдемдеседі. Оны сабақ барысында ұтымды пайдалана білу керек. Ал айырмашылықтар бар тұстарда қазақ тілі корей тіліндегі грамматикалық құбылыстарды меңгеруге кері әсерін тигізіп, кедергі келтіреді. Осы жайттарды есте ұстап, мұндай жағдайларда тиісті жұмыстар ұйымдастыру оқытушының өте тиімді әдісі.

1. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика, грамматика);
2. Грамматика современного корейского языка. Алматы: Издательство КазНУ, 2002;
3. Хангуго мунбоп 2. Соуль: Кхонюникейшёнбуксы, 2005;
4. Рачков Г.Е. Категории времени глагола в современном корейском языке. АД КФН, Москва, 1963;
5. Сәдуақасов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі жақ категориясы. Алматы, 1994;
6. Вестник КазНУ. Серия востоковедения. №1(18);
7. Нуркина Г, Исаев С. Сопоставительная типология казахского и русского языков. Алматы, 1996;
8. Хёндэкугомунбомнон. Тэхан кёгуасо джушик хуэса, 1993.

В статье анализируются принципы сопоставления категории времени глаголов корейского и казахского языков. Выделяются схожие и отличительные черты, а также рассматриваются методы перевода временных категорий глаголов одного языка на другой.

This article's purpose is that comparative verbs tense of Korean and Kazakhstan language. Also it would find out the methods translation of verbs tense for one language into another. Through this article we could understand the differences and similarity verbs of both languages.

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК КазНУ

* ШЫҒЫСТАНУ СЕРИЯСЫ

* СЕРИЯ ВОСТОКОВЕДЕНИЯ

АЛМАТЫ

№ 2 (43)

2008

Зарегистрирован в Министерстве
культуры, информации и общественно-
ственного согласия
Республики Казахстан, свидетельство
№956-Ж от 25.11.1999 г.
(Время и номер первичной
постановки на учет - №766 от
22.04.1992 г.)

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

1-бөлім. ТАРИХ - раздел 1. ИСТОРИЯ

Редакционная коллегия:

Алдабек Н.А.
(научный редактор) 674070,
Надилова Г.Е.
(зам. научного редактора),
Коптилеуова Д.Т.
(ответ. секретарь) 674649,
Дербисали А.Д., Ким Г.Н.,
Кумисбаев О.К., Ахметбек Г.,
Джубатова Б.Н., Атабай Б.А.
Карсаков И.Б.

Вестник КазНУ
Серия Востоковедения
№2 (43)

ИБ № 4303
Подписано в печать 05.05.08.
Формат 90 x 110 1/8.
Бумага офсетная № 1.
Печать офсетная. Уч.-изд.л. 7.75
Тираж 500 экз. Заказ № 495.
Цена договорная. Издательство
«Қазақ университеті» Казахского
национального университета
имени аль-Фараби.
480078, г. Алматы,
пр. аль-Фараби, 71, КазНУ,
тел. 247-02-46, 247-04-54.
Отпечатано в типографии изда-
тельства «Қазақ университеті»

Арзықұлов А. КЕҢЕС-ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ ШЕКАРАҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТАЛАС-ТАРТЫСТАР.....	3
Атангаева Б.Ж. РАЗВИТИЕ РОССИЙСКО-КИТАЙСКОЙ ТОРГОВЛИ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX В. КАК ФАКТОР, ПОВЛИЯВШИЙ НА ИНТЕНСИВНОСТЬ МИГРАЦИЙ В КАЗАХСТАНЕ.....	8
Бектурганова П.Е. РАЗМЫШЛЕНИЯ О ПРИЧИНАХ ЖИЗНЕСПОСОБНОСТИ ДОКТРИНЫ «МИРОУСТРОЕНИЯ» И ОБУСЛОВЛЕННЫХ ЕЮ ВНЕШНЕПОЛИТИ- ЧЕСКИХ ПРИНЦИПОВ СРЕДИННОЙ ИМПЕРИИ.....	13
Ерекешева Л.Г. СУФИЙСКИЙ МИСТИЦИЗМ И «ЕДИНСТВО БЫТИЯ» В СОЦИО- КУЛЬТУРНОЙ ТРАДИЦИИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....	20
Ерекешева Л.Г. О РЕЛИГИОЗНОЙ ПОЛИТИКЕ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В НАЧАЛЕ XIX ВВ.....	25
Ибраева Ж.Н. ФЕСТИВАЛЬ: ОСНОВНОЙ ПУТЬ РАСПРОСТРАНЕНИЯ МАССОВОЙ КУЛЬТУРЫ ЮЖНОЙ КОРЕИ.....	36
Казыханов Е.Х. ПРЕДПОСЫЛКИ СОЗДАНИЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ ЗОНЫ, СВОБОДНОЙ ОТ ЯДЕРНОГО ОРУЖИЯ.....	43
Камалов А. О ВЗАИМООТНОШЕНИЯХ ХОТАНА С ТАНСКОЙ ИМПЕРИЕЙ (618-907 гг.).....	52
Кобландин К.И. ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ КАЗАХОВ В УЗБЕКИСТАНЕ В СОВЕТСКИЙ ПЕРИОД.....	57
Рысбеков Е.Т. ОСНОВНЫЕ ПОДХОДЫ К КЛАССИФИКАЦИИ ТЕРРОРИЗМА.....	66
Сармурзина Г.А. ИТОГИ, ПЕРСПЕКТИВЫ, РЕКОМЕНДАЦИИ КАЗАХСТАНСКО- МОНГОЛЬСКИХ СВЯЗЕЙ ЗА ПОСЛЕДНИЕ 50 ЛЕТ XX ВЕКА.....	71

Тыныбек А.А. ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ ВО ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКЕ РОССИИ В ГОДЫ ПРЕЗИДЕНТСТВА В.ПУТИНА: ОСНОВНЫЕ ЭТАПЫ.....	77
--	----

2- бөлім. ФИЛОЛОГИЯ - раздел 2. ФИЛОЛОГИЯ

Алжанбаева Ұ. Т. АРАБ ТІЛІНЕ МАҒЫНАСЫ ӨЗГЕРІП ЕНГЕН КІРМЕ СӨЗДЕР.....	89
Досымбекова Р.Ө. ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТІЛДЕРІНДЕГІ КИЕЛІ ЖЕТІ САНЫНЫҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	96
Күмісбаев Ө. МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ЖӘНЕ АРАБ ПОЭЗИЯСЫ.....	99
Нуржаева С.А., Маулет Б. КИТАЙСКИЕ ГРАФЕМЫ.....	102
Сейтметова Ж.Р. ЖЕНСКИЕ ОБРАЗЫ ДРАМАТУРГИИ АЛЬФРЕДА ФАРАГА.....	109
Тауасаров Ж. Ж. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	114
Шатекова Г.Қ. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН КОРЕЙ ТІЛІНДЕГІ ЕПІСТІКТІҢ ШАҚ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ МЕН АУДАРУ ТӘСІЛДЕРІ.....	117
СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ.....	123